

С.Оразалин атындағы ЖОББМ 2021-2022 оқу жылының

«Шабыт» би үйірмесінің жыл бойы жүргізілген жұмыстары бойынша талдама.

2021-2022 оқу жылының басында «Шабыт» би үйірмесінің жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Жылдық сағат саны-102. Үйірме мақсаты: оқушылардың дене бітімін шынықтырып күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу, қабілетін қалыптастыру. Өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу және өнерді сауатты меңгерту. Оқу жыл басында би үйірмесіне 15 оқушы қамтылды. Олар: Асқар Алуа, Бекболатқызы Еркеназ, Болатова Инкәр, Бауыржанқызы Гүлзерен, Сариман Шапағат, Сүндет Назерке, Дарханқызы Асылдай, Ерікқызы Жайна, Қасымова Диана, Өтеғұлова Рабиға, Амандық Айым, Асқар Алина, Жарылғасын Гүлжайнар, Сариман Қызғалдақ, Өміржан Айым. Сахна мәдениетін үйрету. Өнерге баулу арқылы, ұлттық өнерге қызығушылықтарын арттыру. Жылдың басында қауіпсіздік ережесімен таныстырылып ата-аналардан өтініш алынып және де ауыл дәрігерінен анықтама алынды. Қыркүйек айында «Денсаулық фестивалі-2021» спорттық жаттығу, спорттық би ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік мемлекеттік тіл тірегі» атты тілдер күніне орай оқушылардан сұрақ-жауап алынды. Қазан айында «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» ұстаздар күніне орай «Айналайын» вокал, «Шабыт» би үйірмелерінің оқушылары «Ұстазым-ақылшым» атты ертеңгілік құттықтау ұйымдастырылды. Қарттар күніне орай «Өз жүрегімен жылыту» атты ашық хат ұйымдастырылды. Қараша айында «Музыкалық ырғаққа арналған жаттығулар», «Жай қимыл түрлері», «Домбыра тарту өрнектері» туралы сабақтар үйретілді. Желтоқсан айында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Айналайын» вокал, «Шабыт» би үйірмелерінің оқушылары «Тәуелсіздік-болашағым» атты жарты жылдық есеп беру концертін ұйымдастырды. Үйірме оқушылары «Өзбек», «Қосалқа», «Домбыра», «Авар», «Алға Қазақстан» билерін нақышына сай үйлестіріп өнерлерін көрсетті.





Қаңтар айында «Қызықты көңіл, студенттік өмір» атты студенттер мен кездесу болды. Би үйірме оқушылары заманауи билеп өз үлесін қосты. Наурыз айында Халықаралық әйелдер күніне орай «Шабыт» пен «Айналайын» үйірмесі бірігіп «Ана – өмір шуағы» атты мерекелік құттықтау концерті өтті. Үйірме оқушылары «Малинка», «Жаяу», «Өзбек», «Замануи би» билерін нақышына келтіріп билеп шықты. Наурыз мерекесіне орай «Қара жорға» биін нақышына сай үйлестіріп өнерлерін көрсетті.



Сәуір айының 18.04-22.04 аралығында би үйірмесінің апталық жоспары құрылып бекітілді. Апталықтың бірінші күні «Би өнері-әлемнің рухани елшісі» атты ашылуы болды. Үйірме оқушылары сахналық қойылым мен «Гүлдер», «Малинка» биі және жоғарғы сынып аралығында ойын ұйымдастырылды.



Апталықтың екінші күні бастауыш сыныптар аралығында флешмоб биі ұйымдастырылды. Апталықтың үшінші күні «Қамажай» би қимылы атты ашық сабақ өтті. Үйірме оқушылары сабаққа толық қатысып, жаттығу түрлерін жасап «Қамажай» би түрімен танысты. Апталықтың төртінші күні «Қазақ би өнері» атты жоба қорғау сайысы болды. Қазақ биін Кәрібаева Назым, Адай биін Асқар Алина, Қара жорға биін Қасымова Диана, Бипыл биін Атағоллаева Гаухар қорғап шықты. Апталықтың бесінші күні «Мен өскенде биші боламын» атты би байқауы өтті. Байқауға МАД тобы және 1,2,3 сыныптар қатысты. Бас жүлде- «Қырманға кел қалқатай» биімен 3 «Ә» сыныбы, 1 орынға «Текемет» биімен 3 «А» сыныбы, II орынға «Өзбек» биімен 2 «Ә» сыныбы, III орынға «Доремиде» биімен 1 «А» сыныбы, 1 «Ә», МАД сыныптары номинациямен марапатталды. Сәуір айында ауданда «Би әлемінің қарлығашы» атты III. Жиенқұлованың 100 жылдығына орай би байқауы өтті. Үйірме оқушылары «Махамбет», «Айжанқыз» биімен өнерлерін көрсетіп «Алғыс хат» пен марапатталды. Мамыр айында бірлік күніне орай мәдениет үйінде үйірме оқушылары өз өнерлерін көрсетті.





Отан қорғаушылар күніне орай 5 сынып оқушылары «Спорт» биін нақышына сай билеп шықты. Өнер апталығына да үйірме оқушылары өз үлестерін қосты. Үйірме оқушылары мектепшілік іс-шараларға белсенді қатыстырылып отырды. Осы орайда оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке, жауапкершілікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше. Алдағы уақытта, қоғамда болып жатқан жағдайды жеңіп, оқушылар талай белестерден көрініп, үлкен сахналарда өнерлерін көрсетеді деп сенемін.



Үйірме жетекшісі: *Ал* А.Алиева